

## Лекция 5.

### 2.2. Дәріс мақсаты:

Механизмнің жылдамдықтар сызбасын құру әдісімен таныстыру.

Негізгі сұрақтары мен қысқаша мазмұны:

#### 1. Төртзвенолы механизмнің үдеулер сызбасы.

##### 1. Төртзвенолы механизмнің үдеулер сызбасы.

Механизмнің үдеулер сызбасы деп бір нүктеге келтірілген бар звено нүктелерінің жылдамдықтарының сұлбасын айтады.

А нүктенің үдеуі жанама  $a_A^n = \omega_1^2 L_{OA}$  және нормаль  $a_A^\tau = \varepsilon_1 L_{OA}$  үдеулердің қосылымына тең. В нүкте үшін:

$$a_B = a_A + a_{B/A}$$

Сонда

$$a_B^n + a_B^\tau = a_A + a_{BA}^n + a_{BA}^\tau$$

Бұл теңдеуде жанама  $a_B^\tau$  және  $a_{BA}^\tau$  үдеулердің ғана шамалары белгілісіз. Нормаль үдеулер келесі формулалармен анықталынады:  $a_B^n = \omega_3^2 L_{BC}$ ,  $a_{BA}^n = \omega_2^2 L_{BA}$ .  $\omega_3$  және  $\omega_2$  бұрыштық жылдамдықтар бұрын құрылған жылдамдықтар сызбасынан табылады.  $a_A$  вектордың шетінен  $a_{BA}^n$  вектор қосылады, одан соң оның шетінен  $a_{BA}^\tau$  вектордың бағыт сызығы өткізіледі.  $\pi$  орталықтан  $a_B^n$  вектор салынады, содан кейін оның шетінен  $a_B^\tau$  вектордың бағыты өткізіледі.  $a_{BA}^\tau$  және  $a_B^\tau$  сызықтарының қиылысы В нүктені анықтайды.

$\varepsilon_2$  бұрыштық үдеудің бағытын табу үшін  $a_{BA}^\tau$  векторды В нүктеге түсіру керек. Жанама үдеудің бағыты бұрыштық үдеудің бағытын көрсетеді.